

# ЖАМБЫЛ

ЖАМБЫЛ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН АКСИОНЕРЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

декабрь

Жұма

Шығуына 33 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Жұмыстарына

і қорытынды шығар-

ағы Жамбыл атында-  
р басшы қызметкер-  
етін талап- тарапқа  
мысқа да, сауынға да  
дарын қолхозға беріп,  
дық малдан семіз, ірі  
ығы жөніндегі шағым  
омитетіне май айында  
йында осы қолхозда  
ртелі Уставының оры-  
ырылғандығы жөнінде  
одды. Бірақ, аудандық  
бекшілердің хатына  
бүгінге дейін хат бо-  
лгізіп, ауыл шаруашы-  
ының бұрмалануына  
адамдарға тиісті шара

ауылшаруашылық бөлі-  
ілердің шағымдарына  
тықпен қараушылық  
ы. Осы жылғы марг  
удандық ауылшаруашы-  
жазып, «Игілік» кол-  
ы Мұстафина жолдас-  
бері ала алмай жүрген  
ын алуына көмектесу-

## Трактор жөндеудің графигі үнемі мінсіз орындалсын

Приешім МТС-і трактор жөндеуде алда келеді

### Графикті мінсіз орындаймыз

Жұмыстың табысты болуын, мастер-  
скойда еңбек ұйымдастыру ісінің жолға  
қойылуы шешеді. Осыны жете ескеріп,  
біз мастерскойды күзгі -қысқы жөндеу  
жұмысына үлгілі әзірледік.

Быйыл 4 токарь станогі күрделі жөн-  
деуден және 1 токарь станогі жай жөн-  
деуден өтті. Мұнымен бірге жөндеу жұ-  
мысына аса қажетті бөлшектерді мүмкін-  
дігінше жеткілікті дайындап алдық.  
Электр моторлары мен құрал-жабдықтар-  
ын жөндеу жұмысына үлгілі әзірледік.

Біз жөндеу жұмысына үлгілі әзірлену-  
мен тыңғанымыз жоқ. Алғашқы күннен  
бастап жөндеушілер арасында еңбек өнім-  
ділігін арттырудың нақтылы шараларын  
белгілеп жүзеге асырдық. Еңалдымен ме-  
ханизаторларды жөндеу цехтары мен то-  
лаптарына өздерінің іскерлік қаблетіне  
қарай бөлдік.

Жөндеу жұмысын сапалы атқару жо-  
лындағы күресте механизаторларға тап-

Партияның міндеті—сын мен өзара сынды барған сайын кең өрістету, бұл іске кедергі келтіретіннің, бөгет жасайтынның бәрі жойып отыру. Біз жұмыстағы кемшіліктермен күресуге бұқараны неғұрлым көп қатыстырсақ, біздің барлық ұйымдарымыздың жұмысын төменнен бақылау неғұрлым күшті болса, барлық салаларда біздің ісіміз соғұрлым табысты болады.

Г. М. МАЛЕНКОВ.

*Жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орында күресі*

## Игі нәтижелер

Сыра -сусын зауытының коллектив мәмлекеттік жоспарды қалтқысыз орындау жолындағы социалистік жарыста игі нәтижелерге ие болып келеді. Әсіресе партиямыздың тарихи XIX съезі күрметіндегі және Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдығы күрметіндегі социалистік жарыста алынған міндеттемелерді завод коллективі әрқашан мерзімінен бұрын аброймен орындап отырды.

Бұдан кейінгі уақытта да заводтың дирекциясы, партия және кәсіподақ ұйымдары партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларын, кеңестер көсеміміз Сталин жолдастың създің қорытынды мәжілісінде сөйлеген тарихи сөзін және Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпаңдық еңбегін басшылыққа ала отырып, социалистік жарысты онан әрі өрістетіп түсті.

Жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысқа ұштаса отырып, коллектив Сталиннің Конституция Бүніне дейін жоспарды бар

### Жөндеу жұмысын ойдағыдай аяқтаймыз

Бесінші бесжылдық ішінде ауыл шаруашылығы саласындағы басты міндетті—етін өнімін арттыру міндетін ойдағыдай шешу күресінде машина -трактор станциялары зор роль атқаруға тиіс. Демек, дөңді дақылдардың шығымдылығын арттыру ең алдымен тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының ұдайы өнімді жұмыс істеуіне байланысты.

Машина -трактор паркін дала жұмыстарына тслық қуатымен пайдалану үшін оларды осы күннен сапалы жөндеп, көктем егісіне әзір етіп қою қажет. Мезгілінде және сапалы жөнделген тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарымен ғана өнімді жұмыс істеуге болатындығы тәжірибеден айқын көрініп жүр.

Партиямыздың XIX съезінің қарарларымен жігерлене отырып, МТС механизаторлары быйыл күзгі -қысқы жөндеу жұмысына тыңғылықты әзірлікпен кірісті. Бесінші бесжылдық ішінде машина-трак-

раптық әдіс бойынша жөндей отырып, станоктар мен жөндеу құрал- жабдықтарының жұмыс өнімділігін арттырды. Әрбір бөлшекті тез және сапалы жөндеуге жетісті. Міне, осының нәтижесінде 5 декабрьге дейін МТС-те 22 трактор, 36 плуг, 32 сеялка, 23 культиватор, 20 лущильник, 5 ксмбайн және басқа да ауылшаруашылық машиналары жөнделіп болды.

Жөндеу жұмысында механизаторлар стахановтық еңбектің үлгісін көрсетіп жүр. Мәселен, Н. Фролов, Д. Люфт жолдастар мотор жөндеуде сменалық тапсырманы науқан басталғаннан бері толық орындап келеді. Жалғыз бұлар емес, Н. Докучаев, Д. Перопиленко, Г. Вошутин, А. Нестеров, Е. Бурлаков И. Жегульский, П. Ворлаков, С. Докучаев сыяқты механизаторлар күндіз ісрманы үнемі орындап отырады.

Күзгі -қысқы жөндеу жұмысында МТС

күнге арыла алмай келеді.

Бірнеше факті келтірейік: осы жылғы август айында Преснов аудандық партия комитетіне Биров атындағы және Калинин атындағы колхоздарда ескі байшылық-феодалдық салт санаға жол беріліп отырғандығы, бұл іске жекелеген коммунистердің қатысып жүргендігі жөнінде екі хат түсті. Содан бері бірсыпыра уақыт өте тұрса да аудандық партия комитетінің басшылары бұл хаттарда көтерілген дабыл-

## Өскемен СЭС-інің құрылысында

### Құрылысты сынауға әзірлік

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Өскемен СЭС-інің құрылысшылары жұмысты аяқтаудың аса маңызды кезеңіне — бірінші агрегатты сынауға беруге әзірленуде. Кәзір бүкіл құрылыс коллективі инженер Георгий Смирновтың участогіндегі монтажшыларға назар аударуда. Бұлар төменгі бағыттаушы подшипникті орнатып, дәлдеуді кәзірдің өзінде аяқтады. Салмағы мың тонналық су ағызатын құрылыстың тетіктерін тазалап, майлай бастады.

Бетоншы жұмысшылар жаңа табыстарға жетті. Олар блоктарға ақырғы рет ондаған текшеметр бетон құйды. Мұнда, әсіресе, бетон күюдің шеберлері Жұмабай Базылов пен Андрей Овечкиннің бригадалары стахановтық жұмысымен көзге түсті.

Төменгі су қоймасының котлованы суға толтырыла бастады. Турбиналарда пайдаланылған су осыған құйылады. Котлованды өзенмен қосуды тездету үшін мұнда адымдаушы экскаватор пайдаланылды.

СЭС-тің су қоймасының дінгегі күннен-күнге жоғары көтерілуде. Су жолдарының агрегат затворларына жетуіне аз-ақ қалды.

### Жылдық жоспар мерзімінен бұрын орындалды

ГУРЬЕВ. (ҚазТАГ). Құлсары кәсіпшілігінің коллективі Қазақстан мұнай бірлестігінде бірінші болып, сұйық отын шығарудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Жарыста шебер Молдағалиевтің участогі алда келеді. Скважиналарды үнемі зерттеуді ұйымдастырып, технологияның мінсіз тәртібін орнатып,

ланыс жасап, олардың партия, совет, шаруашылық ұйымдарының жұмысында орын алып отырған кемшіліктерді батыл ашып отыратын төменнен көтерген сынына деркөзінде құлақ асып отырудың зор маңызы бар. Демек, еңбекшілердің хаттары мен шағымдарының ұқыптылықпен қаралып отырылуын қамтамасыз ету әрбір партия, совет, кәсіподақ ұйымдары мен шаруашылық орындары басшыларының абройлы міндеті.

Су затворларға жеткен кезде оны тек көтеру керек, сонда суды айдайтын трубопроводпен иректі камера арқылы турбинаға құйыла бастайды. Бақылаушы шамдар жаңа бастады. Іші жарық, үлкен ұйында толып жатқан қалқандар. Бұл — бүкіл су электр станциясының жан жүйесі — СЭС-ті басқаратын басты тетік. Осы үйде тұрған бір ғана адам су ағызатын орасан зор машиналарды басқарып тұратын болады. Қалқандардың бірінің қасында жөндеушілер жұмыс істеп жатыр. Міне, олар барлығы да дайын болды, деп хабарлады.

— Қалқандарға ток берілсін, — деген команда естілді. Бірінші агрегаттың қалқанындағы кнопкаларды басып қалып еді, көкшіл шам жанды. Бұл автоматтық система генераторларды жұмысқа қосуға әзір екендігінің белгісі. Станцияны басқаратын басты қалқанға жазылған схемада шам жанды. Бұл схема генератордың жұмысымен байланыстырылып қойылған барлық аппараттар мен тетіктердің жағдайын көрсетеді. Станцияны басқарудың басты тетігі пайдалануға берілді.

жабдықтардың ешбір жөндеусіз жұмыс істеу мерзімін едәуір ұзартып, участок коллективі жұмысты мінсіз істейді. Бітірген жабдықтарды ең жаңа шайқалмалы станоктермен ауыстырып, мұнайшылар жанармай шығаруды едәуір арттырды. Бұрыннан пайдаланылмай келген бірнеше скважина іске қосылды,



әзірлігін тексеремін. Оның бұзылған жері болса, жұмыс басталғанша жөндеп аламын. Сол сыяқты, жұмыс басталғанға дейін өңдейтін бөлшектерді және басқа да материалдарды жұмыс орнына алына-ала түгел жеткізіп аламын. Жөндеу ісіндегі бірден-бір тиімді әдіс — тораптық әдісті қолдану менің жұмысты өнімді істеуіме зор мүмкіншілік туғызды. Жөндеу жұмысын тораптық әдіспен жүргізгеннен кейінгі жерде трактор мен тіркеу саймандарының әрбір бөлшегін тыңғылықты жөндеуге, материалдар мен отынды үнемдеуге жетістім.

Мен берілген тапсырманы мерзімінде орындап отырамын. Жұмысты тез істеуім оның сапасына зиян келтіріп көрген емес. Мен жөндеген сан алуан бөлшектерден бірде-бір рет ақау кездескен жоқ.

Партиямыздың XIX съезінің қарарларына жауап ретінде сменалық тапсырманы артығымен орындауға міндеттенген едім. Кәзір мен күндік тапсырманы ұдайы 200-процентке дейін орындап жүрмін.

Г. КОЗЛОВ,

Приешім МТС-нің тонарі.



Приешім машина-трактор станциясында (солдан оңға қарай). 1. Стахановтың 2. Жөндеуден өткен тракторды байқау. Ортада тек жолдас.

Мұнымен бірге, үгітшілер механизаторларға дауыстап газет оқып береді. «Сөйтіп, оларды еліміздің өміріндегі сан алуан жаңалықтармен кең таныстырып отырады. Осы сыяқты, үгітшілер қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктарды мезгілінде шығарып тұрады. Көрсеткіш тақталары уақытылы толтырылып отыраады.

Затворларының 200 барлығы да күнбе күн үгіт-бүт

Приешім жұмыс

## Қарқынға қарқын

Біздің торап партияның XIX съезінің қарарларына еңбек майданында іспен жауап беруге міндеттенген-ді. Кәзір тораптың барлық механизаторлары өздерінің бұл сертін аброймен орындап жүр.

Біздің торапқа трактордың артқы білектерін жөндеу тапсырылды.

Біз 5 декабрыға дейін 8 трактордың артқы білегін жөндеуден өткіздік. Оның барлығы сапалы жөнделіп, қабылдаудан өтті.

Тораптың көптеген механизаторлары жұмысты тындыра істейді. Жөндеу жұмысында комсомолец В. Курбатов үздік табыстарға жетіп жүр. Оның жөндеген бөлшектерінен ешбір ақау табылмайды.

Ол смена мен орындарын көзден жолдас бұлжытп

Механик жетіп жүрлері жұмыс еңбек ете ынтымақ көмектесі

Приешім бригадирі

## Р М Ы С Ы

## не тәрбиелеу мәселесі

мысқа белсене агро-зоотехника. Қысқы агро-ойдағыдай ті. Колхоздарда ымдастырылуын егін және дей өркендеге көрсетті. Осы комитеті оны председателі есеп беру-сайтулин жолдасозшылар қол-

алдай болды. да, ол бұрын елген «Путь парашылығын бітік егін өсі-Мемлекетке голық орындап, з болды.

ду және сриажұмысына әр-еліктері мен ылы үнемі көн жылы колхоз колхозшылар-ікке салыну-ықты фактілер мұндай фак-оздың предсе-әселеле қарап, інез көрсеткені риялады. Бұл рлар барлық анда талқылал-дар мен актив-ңгіме болды. селеге қайта ың партия жа-

на аудандық партия комитетінің әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлім меңгерушісі болып істейді.

Ауыл шаруашылығының алдында тұрған зор міндеттердің ойдағыдай орындалуы механизаторлар кадрларына тікелей байланысты екені мәлім. Сондықтан оларды даярлау және қайта даярлау мәселесіне көңіл аударудамыз. Алайда, бұл істе көп кемшіліктер бар. Механизатор кадрларының көпшілігі арнаулы білімдері жоқ, практиктер. Ауыл шаруашылығы министрлігі, оның жергілікті орындары МТС-тер үшін басшы мамандарды, әсіресе, аға инженерлер мен аға механиктер даярлау мәселесіне жете көңіл бөлу қажет. Бізде мал шаруашылығының мамандары жеткіліксіз.

Аудандық партия комитеті кадрларды сын мен өзара сынды кеңінен өрістеті, кемшіліктерге төзбеу рухында тәрбиелеп, зыңға қысым жасалудың қандай түріне бөлсын қарсы күрес жүргізіп келеді. Аудандық байланыс бөлімінің бастығы Хасанов жолдас сыңға төзбеді, партия, комсомол және кәсіподақ ұйымының пікірімен саясаттады. Әкімшілікке салынды. Аз уақыттың ішінде қарауындағы 57 қызметкердің 28-не түрлі әкімшілік жаза қолданылды. Аудандық комитет кадрлармен жұмыс туралы Хасанов жолдасдың байланысын тыңдап, оның кемшіліктері мен қателіктерін көрсетті. Осының нәтижесінде байланыс бөлімінің жұмысы біраз жақсарды. Байланыс бөлімі үшінші тоқсанда облыстың көшпелі Қызыл туын және ақшадай сыйлық алды.

Істің орындалуын тексеру—табыс кілті. Біз кадрларға берілген тапсырмалардың орындалуын үнемі тексеріп отырамыз.

Аудандық партия комитеті бастауын

## Өнеркәсіп үшін бағалы шикізат

Ескі -құсқы заттар фабрикалар мен заводтар үшін бағалы қосымша шикізат болып саналады. Ескі -құсқы шүберектер, кара және түсті металл сынықтары, сүйек, ескі резина, аяккіімдер, құс жүні және басқа да ескі -құсқы заттар көпшілік қолды товарлар өндіруге кетеді. Мәселен, қыл-қыбыр қалдықтары киіз аяккіім басуға пайдаланылады. Металл қалдықтары металлургия өнеркәсібі үшін аса бағалы шикізат. Ал, сүйектен желім, сүйек ұны, сүйек көмірі, галантерея заттары жасалады. Ескі резина аяккіімдері мен автомобиль покрышкалары резина өнеркәсібі үшін пайдалы.

Бірақ, өнеркәсіп үшін осындай аса бағалы шикізаттар көп реттерде ескі-құсқы жыйнайтын орындарға тапсырылмай, жойып жіберіледі.

Ескі -құсқы заттарды «Главутильсырье» мекемесінің қаладағы, Мамлютка, Булаево, Явленка селоларындағы агенттеріне сатуға болады.

**А. ПЕРМИНОВ,**

«Главутильсырье»-ның облысаралық мекемесінің бастығы.

## БАСПАСӨЗ ТАРАТУ ІСІ ОЙДАҒЫДАЙ ӨТКІЗІЛУДЕ

Преснов ауданындағы Тауағаш жеті-жылдық мектебінің мұғалімдері мен оқушылары арасында жаңа жылға газет, журналдарға жазылу ісі ойдағыдай жүргізілді. Мектеп мұғалімдері әрқайсысы бірнеңе газет, журналдарға бір жылға тұтас жазылды. Мұғалімдердің үлгісі бойынша оқушылар және колхозшылар 1953 жылға газет, журналдарға тегіс жазылды.

Осы аудандағы Киров атындағы колхоздың мүшелері арасында да газет, журналдарға жазылу ісі айтарлықтай ұйымдастырылып отыр. Колхозшылар орталық, республикалық, облыстық және аудандық газеттерге бір жылға тұтас жазылуда.

## Фельетон

## Алаяқтардың айласы

Ол ең әуелі Омбының облыстық мал дайындау мекемесінде бухгалтер болып істепті. Бірақ, онда көп тоқырай алмапты. Есеп-қыйсапты былықтырып, көп малды тамағынан қылғыттырып, тайып отыршыты.

Сол бетінде Солтүстік Қазақстанға келе қалыпты. Келісімен әрі майлы, әрі жайлы жерді іздепті. Өз атын Иван, әкем аты Яков, фамилиям Ясинский, мамандығым бухгалтер депті. Бішігірімді емесіп, іске көңілі ысылған бухгалтермін деп көңіріпті. Сөйтіп, ол қызмет сұрап әр жерге барыпты. Алайда, ешкім құшағын жая қймапты.

Құшағын жаймаған соң тайып отырыпты. Салып отырып Октябрь ауданына барыпты. Майлысы да, жайлысы да осы болар деп онда астық дайындау пунктіне бухгалтер болыпты. Бірақ, бұл орын оның ойынан шықпапты. Майы болғанмен жайы болмапты.

Жайы болмаған соң ол пункттен де тайып отырыпты. Тура Петропавл қаласына келіп, облыстық мал дайындау мекемесіне тіреліпті. Мұндағылар «ақпейіл» адамдар екен. «Анау едім, мынау едім, ісіме көңік, есебіме жетік едім» деген оның суырыла сөйлеген сөздеріне ұйып қалысыпты. Сөйтпті де, мекемеге бухгалтер етіп, қызмет істете беріпті.

Біраздан кейін Ясинскийдің шымылдық ішіндегі сыры ашыла бастапты. Ақыры жоғарғы орыннан «Ясинскийге жауапты қызметті сеніп тапсыруға болмайды» деген хабар келіпті. Содан соң ол көп ұзамай бұл мекемеден де әдеттегісінше тайып отырыпты.

Тайып отырған бетінде облыстық автомобиль басқармасына келіпті. Мұндағылар оны қызметке ала қойыпты. Облыстық автомобиль басқармасының бастығы Сергей Иванович Шелкунов: «бас бухгалтер бласың, өзіңе үлкен жұмысты

басқарушысы Ивановтар да Вяткин, Горячев, Максевалармен қызметтес қана емес, бутылкелес дос болды. Ешкімнен төлгеу көрмеген Яровой мекеменің 3.150, Стадник. в 2.100, Иванов 28.806 сомдық мүлкі мен қаржысын оңды-солды шапты. Кәзір бұлар оны бойына сіңіріп алып, мұртынан күліп жүріп жатыр.

Ал, көңігі бухгалтер Ясинский де баяғы әуеніне қайта басты. Ол өзінің бастамасын әуелі талан-таражға түскен мекеме қаржысын «түрлі шығындарға жұмсалған» деген жалған документ жасаудан бастады. Содан соң әр кімнің қолында кеткен, мекеменің 108 мың сом қаржысы есептен жасырды. Ивановтың мойнындағы 15.353 сомның ізін жапты. Мекеме басшыларының «сыйлыққа» деп заңсыз жұмсаған 8.529 сомына жалған документ жасады. Әрине, бұл «сыйлықтан» оның өз қалтасы да олық болмауы керек.

«Сумырай келсе су да құрылды» дегендей осы алаяқтар келгелі бұл мекеменің жұмысы еңсесін бір көтермей-ақ қойды. Алаяқтардың талан-таражға салған қаржысынан автобаза 300 мың сомнан астам зыян шекті. Оның үстіне жергілікті бюджетке жүздеген мың сом қарыздар болып отыр.

Осының барлығы Сергей Ивановичтің сөз алдынан өтіп жатыр. Бірақ, ол абыр-жыйтын емес. Алаяқтардың:

—Біздің Сергей Ивановичтай кісі қайда, ол анау-мынауға қабағын шытпайды да, недеген терісі кең адам, —дейтіндері де осыдан.

Кейде алаяқтардың айласын әшкереп мекші блған адамдарға Сергей Иванович:

—Кадр деген қаңбақ емес, жұмыстарын болмасын, мазасын алмаңдар, —деп көз алартады.

Талай жерден тайып келген Ясинскийге Сергей Иванович «қанаттыға» қақтырмаймын, тұмсықтыға шоқыттырмай-

оқуға көшуге қажетті шараларды жүзеге асыру сыяқты аса маңызды міндет қойылды.

де педагогикалық кеңесте мектеп директоры Сауытбеков жолдастың баяндамасы тыңдалды. Физика, химия, математика

тын күндер белгіленіп, оқытушылар бөлінді.

**Қ. СЫЗДЫҚОВ.**

е жаттығуын ұйымдастыруды естен шығарып алды. Бұл кемшіліктер қашан жоюлылар екен.

**Т. ЕСЕНБАЕВ.**

## Жұмысшылардың техникалық оқуы туралы

Бұл күндері облысымыздың барлық кәсіпорындарында бесінші бесжылдықтың жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарыс барған сайын үдеген қарқынмен өрістей түсуде. Әрбір кәсіпорнының коллективтері өздерінің алған міндеттемелеріне сай барлық күш-мүмкіншіліктерін еңбек өнімділігін арттыру, өнім сапасын жақсарту және оның өзіндік құнын кеміту, үнемшілдік тәртібін қатаң сақтау жолындағы күреске жұмылдырып келеді. Барлық жерде бірдей социалистік жарыстың күші партияның XIX съезі алға қойған міндеттерді қалтқысыз жүзеге асыру ісіне бағытталауда.

Облысымызда өндірістік жоспарларды орындау, жоспардан тыс қор жыйнау, үнемшілдік тәртібін қатаң сақтау жолында көрнекті табыстарға ие болған кәсіпорындары аз емес. Мәселен, қаладағы шағын двигателдер зауытының коллективі мемлекеттік жоспарларды ай сайын артығымен орындай отырып, өнімнің сапа көрсеткіштерін жақсарту жөніндегі міндеттемелерін де ойдағыдай жүзеге асыруда. Сонымен қатар, аталған кәсіпорнының коллективі игі бастамалар мен өндіріс жаңашыларының ұсыныстарын кеңінен қолдану жөнінде де бірқатар көрнекті жұмыстар істеді. Мұнда соңғы кезде күндік нормаларын еселеп, артығымен орындайтын стахановшылардың қатары әлде қайда өсті. Ал, үлгі құюшы Бексжанов, слесарь Босарев, ұста Дүзбаев сыяқты маңдай алды озаттар еңбекте үздік шығумен шатар, өздерінің сзат іс тәжірибеле-

ріне ондаған жұмысшыларды үйретіп, олардың да өнімді жұмыс істеуіне көмектесуде.

Сол сыяқты сыра-суыс зауытының коллективі де мемлекеттік жылдық жоспарды мерзімінен бір ай бұрын орындап, көрнекті табысқа ие болды. Мұндағы әрбір жұмысшы өзінің мамандығын жете меңгерген. Сонымен қатар, кәсіпорнының партия, кәсіподақ ұйымдары жұмысшылар арасындағы социалистік жарыстың мейлінше кеңінен өрістетілуін қамтамасыз етіп отыр.

Атап айта кетуіміз қажет, қандай ғана кәсіпорнында болсын өндірістік барлық көрсеткіштер бойынша жақсы нәтижелерге ие болу күресінде жұмысшылардың мамандығын және техникалық білім дәрежелерін үнемі арттырып отыру маңызды роль атқаратыны мәлім. Өйткені, жұмысшының техникалық білім дәрежесі өзінің мамандығына қарай неғұрлым толық болатын болса, ол отандық күрделі техникаларды ойдағыдай меңгеріп, өнімді еңбек етуге жетісіп отырады.

Алайда, облысымыздың бірқатар кәсіпорындарында күні осы уақытқа дейін жұмысшылардың техникалық білім дәрежелерін көтеру ісіне жете көңіл бөлінбей келеді. Әрбір кәсіпорны жыл сайын арнаулы жоғары дәрежелі, немесе орта дәрежелі білімі бар маман кадрлармен толықтырылып отырылады. Мұның өзі кәсіпорындарында техникалық және стахановтық мектептер ұйымдастыруға, жұмысшылардың техникалық білім дәрежелерін көтеруге жағдай туғызады. Солай

бола тұрса да бірқатар кәсіпорындарында күні осы уақытқа дейін техникалық үйірмелер мен курстар өз дәрежесінде жұмыс істемейді. Мәселен, темір жол бөлімшесінде өндірістік-техникалық курстар мен үйірмелерде жыл сайын кемінде 3 мың адам есепке алынады. Бірақ, жол бөлімшесі кәсіпорындарының басшылары тағайындалған оқу программасы мен мерзімдерін белгілеп берумен істі тындырып жүр. Ал, оқудың үнемі жоспарлы түрде өтіп отыруына нақтылы бақылау жасалмайды. Жол бөлімшесінде, әсіресе поездың жүруіне байланысты жұмыстардағы кадрлардың техникалық білімін арттыру бүгінгі негізгі міндеттердің бірі. Бірақ, бөлімшедегі қатардағы жұмысшылар былай тұрсын, өндіріс командирлерінің өзі техникалық минимумды ойдағыдай тапсыра алмай жүр. Мұның өзі өндірістік күнбе-күнгі жұмысқа көрініше әсер ететіндігі белгілі.

Дәл осындай жағдай қаладағы ең ірі кәсіпорындарының бірі—Киров атындағы заводтан да кездеседі. Мұнда техникалық бақылау бөлімінің қызметкерлері жұмысшылардың техникалық оқуын жолға қоюмен мүлде шұғылдана бермейді. Ал, бұл іске тікелей жауапты заводтың бас инженері Ямчук жолдастың өзі де жете көңіл бөлмей келеді. Мұндай жағдай быйылғы жылы заводтың бұрын шығарылып келген өнімінен басқаша жаңадан шығарыла бастаған өнімдерін шығаруға көрініше әсер етпей қойған жоқ. Өнімнің жаңа түрін шығару әдісін жұмысшылардың көзінде меңгере аямауы, бұл жөнінде завод басшылары мен инженер-техникалық қызметкерлердің нақтылы қамқорлық жасамауы кәсіпорнының өндірістік жоспарларды орындауына нұқсан келтіріп отыр.

Кәзіргі уақытта біздің алдымызда тұр-

ған негізгі міндет—кәсіпорындарының жұмысына кедергі жасайтын барлық себептерді ашып, кезінде жойып отыру, өнімнің сапа көрсеткіштерін жақсарту жолындағы күресті барған сайын күшейту, өндірістік қорлар неғұрлым толық және тиімді пайдаланылса, шикі заттар мен материалдар үнеммен жұмсалса кәсіпорнының алдында тұрған міндеттерді ойдағыдай шешуге болатындығы белгілі. Ал, бұл үшін ең алдымен жұмысшылардың мәдени-техникалық дәрежесін арттыру керек.

«Егер жұмысшылардың жеке топтары ғана емес,—деп жазады Сталин жолдама,—жұмысшылардың көпшілігі өзінің мәдени-техникалық дәрежесін инженер-техникалық қызметкерлердің дәрежесіне дейін көтерген болса не болып шығар еді? Біздің өнеркәсіп басқа елдердің өнеркәсібі жете алмайтын жоғары дәрежеге көтерілетін болар еді».

Бұдан былайғы жерде кәсіпорындарының басшылары, партия мен кәсіподақ ұйымдары барлық жұмысшылардың техникалық оқуға тартылуын, олардың күрес және үйірме сабақтарына үздіксіз қатынасып отыруын қамтамасыз етуге тиіс. Әсіресе, техникалық оқу орындарында арнаулы бір мамандықтың шеңберін де қалып қоймай, жұмысшыларға еліміздің жаңашылары мен рационализаторларының іс тәжірибесін де қолдану жөнінде нақтылы көмек көрсету керек. Сонда ғана әрбір жұмысшының еңбек өнімділігін еселеп арттыруына, жұмыстың сапа көрсеткіштерін жақсартуына жетісуге болады. Бұл—партиямыз бен үкметіміздің бүгін таңдағы талабы. Мұны күн сайын алып адыммен оркестрдеген социалистік өнеркәсібіміз талап етеді.

**М. ҚУАТОВ.**

кетті. Вышинский Истер министрі делегациясының Республикасы орынбасары Се-ның VII сессия делегацияларын рановский мен нындағы СССР Зорин, баспасөз жай халықтар

Американ га-тіктердің, теле-ры орталықтар шинскийге жол байланысты бі-Осы етінішке : шинский қысқа Сіздер алдағ неше сөз айт деп мәлімдеді

**«УДАРИ**

**«УКРАИНА**

Сеанстар 6-8-

Касса сағат

**ТУПҚ**

Паровоз і-шинисінің к-лер, кураст-тер, жүк-слесарьлар, слесарьлар, тымен бола-басқа да т-РЕК.

Қызмет ж-электр стан-нен түсінік

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86; редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36; өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—1-33-2, корректорлар бюросы— 4-39, Газет баспасы —0-22, газет